

первых дней независимости. Необходимо отметить, что все инициативы озвученные Президентом Н.А. Назарбаевым получили широкий отклик со стороны лидеров многих стран и были реализованы на практике. Такая деятельность Президента Казахстана высоко отмечена на международном уровне, что говорит о продуманности каждой инициативы и доведения их до логического завершения. Следует отметить, что все предложения, сделанные на международной арене всегда носили продуктивный характер и имели цель усиления безопасности и развития диалога между государствами.

### **Библиографический список**

1. Назарбаев Н.А. Евразийский Союз: идеи, практика, перспективы. 1994–1997. – М.: Фонд содействия развитию социальных наук, 1997.
2. Назарбаев Н.А. Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 14 марта 2004 года.
3. Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – 384 с.
4. Токаев К.К. Дипломатия Республики Казахстан. – Астана: Елорда, 2001. – 49 с.
5. Токаев К.К. Преодоление. Дипломатические очерки. – Алматы, 2003. – 408 с.

### **ҚОҒАМДЫҚ ӨМІР ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІКТІҢ ФЕНОМЕНИ**

#### **THE PHENOMENON OF GENDER IN PUBLIC LIFE**

***Амантаева А.Б., Бухметова А.А.***

*Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,  
Қостанай, Қазақстан*

### **Аннотация**

В настоящее время решение человеческих проблем связывают с таким понятием, как «гендерное равенство». С социальной точки зрения это необходимость выработки новой философии мира, новой философии человеческих отношений, которая может не разъединить, а объединить человечество, основанная на всеобщих ценностях: уважения человеческой жизни, свободы, справедливости, толерантности, солидарности, прав человека, равенства между мужчинами и женщинами.

**Ключевые слова:** гендер, политика, равенство, общество, культура.

**Keywords:** gender, politics, equality, society, culture.

Қазақстан әлемдегі гендерлік теңдікті мұрат тұтқан мемлекеттердің бірі. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат» жөніндегі ұлттық комиссияның басты міндеттерінің бірі – нормативтік-құқықтық актіні іске асыру тетіктерін

әзірлеу. Қандай заң шықсада оны іске асыратын механизм керек. Механизмді қалай құрсақ, заң солай іске асады. Әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, ол – кәсіпкер, ол – саясаткер. Теңдік – бір жыныстың мүддесіне заң мен нормаларды бейімдеу емес, еркектер мен әйелдердің өзіне тән табиғи айырмашылығын ескеру. Алайда, елімізде нақты гендерлік теңдікті орнықтыруға әлі де біршама жұмыстар атқарылуы керек. Ғылыми жобаның өзектілігі Қазақстан әйелдерінің сана сезімін арттырып, қоғамға өз үлесін қосуға шақыру, әйелдің «қырық жаны бар», – демекші әйел білікті басшы да, саясаткер де бола алады.

Алғашқы «әйелдік тақырыптық» мәселе арнайыланған құбылыс ретінде бірінші феминистік талқуға байланысты он тоғызыншы ғасырдың аяғында келең бере бастады. Жиырмамыншы ғасырдың бірінші жартысында көбінесе әйгілі әйелдердің өмірін сипаттайтын әйелдерге арналған жұмыстар пайда бола бастады. Әйел тақырыбын талқылауда бүгінгі күннің өзінде үлкен орын алатын жұмыс ол атақты француз философы Симон де Бовуардың 1949 жылы баспадан шыққан жұмысы «Второй пол» [1, 20 б]. Онда әйел мәселесі философиялық тұрғыдан қарастырылады. Жалпы әйелдер тарихында әрқайсысы оның даму стадияларын және оның көпқырлы бейнесінің бір жағын көрсететін үш бағыттың бөлінуі айқындалды. Осы бағыттар арасындағы айырмашылықтар өздерінің басты зерттеу міндеттерін орындауда көрінеді. Барлығынан бұрын қалыптасқан бірінші бағыттың міндеті, танымдық әрекеті ресми «ерлер» тарихнамасынан ұмыт қалған немесе мүлдем алынып тасталған «әйелдердің тарихи тіршілік ету жағдайларын қалпына келтіру». Дәл осы ерекше «әйелдік» тарихын жазу тұжырымдамасы жетпісінші жылдардың ортасына дейін әйелдердің зерттеу жұмыстарында басшылық орында болды. Ол ереже бойынша суреттеу жағына көбірек сүйенді және тарихи зерттеулерді жанр түрінде жасады. Шартты түрде *her-story*, ал оған қарама-қарсы ерлер тарихнамасы феминистер үшін *his-story* болды. Феминистерді жақтаушылары ағылшынша «*history*» сөзінің мағынасында өзгертпекке құштар болды. Өйткені бұрынғы тарихи суреттеуде ол ылғи ерлер тарихын білдірді. Бұл екі нұсқа бір-бірімен үйлесім таппады, сондықтан «әйелдер тарихының» оқшаулануы жалғаса берді. 1970 жылдардың екінші жартысында бірінші орынға шыққан екінші бағыт өкілдері өздерінің алдындағы басты мақсат ретінде класстық қоғамдағы патриархалдық құрылымда ерлердің басшылық орынға шығуы және әйелдердің бағыныштылық қатынастарының қалыптасуын зерттеу еді. Олар «әйелдер тарихын» қоғам тарихымен байланыстырмақ болды,

жанжалдасушы жақтардың мүдделерін және әйелдердің әртүрлі әлеуметтік категориялардағы альтернативті өмірлік тәжірибесін көрсетпек болды. Бұл жерде оларда специфистік феминистік неомарксизм қалыптасты. Әйелдер тарихының 1970 жылдардағы алғашқы түлектері ескі дәстүрлі тарихнамадан тарихи кезеңдестіру мәселесін қабылдап, оны шешудің өзіндік жолдарын ұсынды. 1974 жылдары француз зерттеушісі Моник Пьеттер «Положение женщин сквозь века» атты жұмысында тарихты әйелдің басшылық бейнесі жақтарына қарап өте ұзақ үш фазаға бөлді. Олар: бірінші бейнесінде «дүниеге әкелуші – Ана», екіншісінде ежелгі мемлекеттерде және одан соң әсіресе христсандық орнаған мезеттер мен Жолдас-Әйел бейнесі моногамиясында, үшінші қайта өрлеу дәуірінен бастап Тұлға-Әйел бейнесі пайда болды.

Гендерлік мәселе бойынша қазіргі кездегі Қазақстандық зерттеушілерді атап кетейік: Б.Х. Хасанов, Г.Г. Соловьева, С. Шакирова, М.А. Өскембаева, Н. Шеденова, К.А. Тохтыбаева, Б. Қылышбаева. Оларды алғашқы феминистік қозғалыстың либералды, марксистік, радикалды бағытына қосу қиын. Республикада жаңа қазақстандық философияның қалыптасуына байланысты ерекше гендерлік тәсілдер қалыптасуда. Бұл философия марксистік философиядан бас тарта отырып, руханилықтың артықшылығына және қазақтың дәстүрлі мәдениетіне тән ақыл мен жүректің, ой мен ойданның бөлінбес бірлігіне сүйенеді.

XIX ғ. аяғында жазушы әйелдер эмансипацияның қажеттігі, әйелдердің әлеуметтік-экономикалық құқыққа қол жеткізуі туралы жаза бастады. В. Микулич оқырманның алдында орасан зор қызығушылығын 80–90-жж. контекстінде кең түрде білім алу ретінде де, кәсіби білім ретінде әйел мәселесін шешуге болатынын айтады. Мәдениеттегі әйел үні XX ғ. бастап қана айқын шыға бастады. Осы ғасырдың бас кезінде қазақ тілінде үзбей шығып тұрған «Айқап» журналы қазақ халқының әлеуметтік, саяси өмірінен хабардар етіп, қазақ бұқарасын мәдениетке, білім мен өнерге шақырған басылым еді. Осы журнал беттерінде жарияланған Сақыпжамал Тілеубайқызының «Қазақ қыздарының аталарына», «Ұзақ күткен үмітім нәм бас адамдарға бір-екі сөз» атты арнайы мақаласы мен «Қыз батасы» атты өлеңі, Күләйім Өтегенқызының «Қазақ қыздарына», Мәриям Сейдалинованың «Зарлау» және «Тұр қазақ!» атты өлеңдері арқылы қазақ даласына келген кеңестік жаңа заманның жаңа өмір мен жаңа мәдениетке деген қазақ қыздарының ішкі сұранысын, өзіндік ойын байқауға болады. Кеңестік жаңа заманның алғашқы қарлығаштарына айналған, қаламгерлікті қайраткерлікпен ұштастыра білген қазақ қыздары

Нәзипа Құлжанова, Нағима Арықова, Сара Есова, Шолпан Иманбаева, Алма Оразбаевалардың суырылып алға шығуы қазақ әйелдері арасынан мемлекет билейтін, бұқараға бағыт сілтейтін белсенділердің тез арада тәрбиеленіп шыққандығын көрсетеді

Ұлттық ой мемлекеттің даму жолдарын анықтайды. Оның міндеті-қоғамның қазіргі жағдайын ескере отырып, оны дамудың жаңа деңгейіне шығару. Ұлттық ойдың қалыптасуы әлеуметтік құрылым баспалдағының ең бірінші деңгейінде орналасқан топтардың мүдделерімен тығыз байланысты.

Ал оның бірінші деңгейінде гендерлік әлеуметтік құрылым тұрғандықтан, ұлттық ой мен оған сәйкес ұлттық жоба гендерлік өлшем тарапынан қарастырылмай қоймайды. Қазақстандағы гендерлік бірегейлікті құрастырудың этноәлеуметтік ерекшеліктерін анықтау үлкен қызығушылық тудырып отыр. Гендерлік бірегейлілік құру психологиялық және әлеуметтік факторлар кешенінен құрылатын күрделі үдеріс болып табылады. Маңызды факторлардың бірін этникалық фактор құрайды. Түрлі этникалық топтардағы гендерлік бірегейлікті құрастырудың өзіндік ерекшеліктері бар, оған түрлі деңгейдегі әлеуметтік-мәдени факторлар да ықпал етеді [2, 135 б].

Ер адамдардың рөлін ұлттық агенттер ретінде айқындау әйел адамдарды өзгелер ретінде қалыптастыру немесе ескеру бағындыру тәжірибесімен қатар жүреді. Ұлтшылдық феноменінің феменистік зерттеушісі Н. Юваль-Дэвис әйел адамдарды этникалық және ұлттық үдерістерге тартудың бірнеше жолдарын қарастыруды ұсынды. Мұндай жолдардың бірі «этникалық ұжым мүшелерін биологиялық қалыптастыру» болып табылады. Тек оң бағаланылатын аналық функция арқылы (немесе жобадағы аналық – құрбы, қалыңдық) ғана «әйел адам әлеуметтік құбылыстарда қарастырыла алады. Н. Юваль-Дэвистің ойынша, әйел адамның негізгі міндеттеріне тек ұлт үшін балаларды туу ғана емес, сонымен қатар, олардың тәрбиесімен айналысу, қоғам мәдениетінің жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады, әйел адам – мәдениетті тудрушы.

Ұлттық бірегейлікті қайта құру үшін посткеңестік кезеңдегі Қазақстанда қазақстандық әйелдер бастан кешірген «ұлы өзгерістер» туралы риторика қолданылды. Идеология әрқашанда өз қағидаларын тарату ісін әйел бейнесін пайдаланып келеді.

Ал соңғы жылдары ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп айтылып жүр. Бұл мәселеге БҰҰ Бас ассамблеясының «Әйелдер 2000 жылы: әйелдер мен ерлер арасындағы

теңдік, XXI ғасырдағы даму және әлем» атты 23-ші арнайы сессиясы арналды. Осы сессияға қатысушы үкіметтерге әйелдердің өмірдің барлық салалары мен барлық деңгейлеріне тең қол жеткізуін және толық ауқымда қатысуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдауды ұсынды.

Әлем тарихында өшпес із қалдырған, ерлігімен қатар, даналығы аңыз болып қалған, бұдан екі жарым мың жыл бұрын өмір сүрген ұлы даладан шыққан сақтың батыр қыздары Томирис және Зарина тарихта қалды. Мәселен, жоңғар шапқыншылығы тұсында Абылайхан Дарабозым деп еркелетіп, сыйлаған қазақтың бас сардары, ұлы қолбасшысы Қабанбай батырдың жары Гауһардың ерлігін, тапқырлығын еске алсақта жетеді. Қабанбай мен Гауһардан туған Назым қыздың небәрі 16 жасында Түркістан түбінде от шашқан жоңғар зеңбірегіне батпай, ұйлығысып қалған қазақ қолын бастап, кәмшат бөрік киіп, найза орнына қолындағы қамшысын бұлғап «Абылайлап» жауға шауып, жоңғарларды түре құған ерлігі ел есінде. Кешегі Кенесарының қарындасы Бопайдың ерлермен бірге өз елінің азаттығы үшін толарсақтан саз кешіп, жасанған жаумен арыстанша айқасуы не болмаса қазақ тарихында аққан жұлдыздай із қалдырған Шоқанның әжесі Айғаным ханымның елді ақылмен басқарғанын қалай ұмытамыз? Мұның сыртында, кешегі кеңес заманындағы Екінші дүниежүзілік соғыста шығыстың қос шынары атанған Мәншүк пен Әлияның да ерлігі әлі есте [3, 144–146 б].

Қазақстан Республикасы Президенті ерлер мен әйелдер арасында теңдік мәселесіне зор көңіл бөліп, әділ нақты гендерлік саясат жүргізудің бастамшысы болып табылады. Қазіргі уақытта бүкіл жер шары бойынша тарихи қалыптасқан ер азаматтарының әйел азаматтарынан үстем болуы өзгерістерге ұшырап отыр. Өнеркәсіптік дамыған және әлеуметтік бағытталған мемлекеттерде құқықтары мен мүмкіндіктері сұрақтарында әйел азаматтары біршама теңдікке жетті. Әйел адамның күнделікті өмірдегі амандығы бүкіл қоғамға зор жағымды әсер етіп, адамзаттың дамуының көрсеткіші болып табылады. Гендерлік теңдік сөзін қарапайым тілмен айтсақ, бұл – ерлер мен әйелдер арасындағы теңдік. Бүгінде Қазақстан әлемдегі гендерлік теңдікті мұрат тұтқан мемлекеттердің бірі болып саналады. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның басты міндеттерінің бірі нормативтік-құқықтық актіні іске асыру тетіктерін әзірлеу болып табылады. Кез келген заң шыққаннан кейін оны іске асыратын механизм керек. Механизмді қалай дұрыс жасасақ, заң да солай іске асады. Иә, қазіргі күні әйелдер қауымы қоғамның барлық

саласында өзінің орнын алуда. Әйел отбасының ұйытқысы ғана емес, ол – кәсіпкер, ол – саясаткер. Әйелдердің беделін көтеруде мемлекет те аянып отырған жоқ. Бұл жерде әйелдер мен еркектердің бірдей құқығы мен мүмкіндіктері идеясын қолдау қиын. Нақты теңдік дегеніміз – қандай да болмасын бір жыныстың мүддесіне заң мен нормаларды бейімдеу емес, ерекектер мен әйелдердің өзіне тән табиғи айырмашылығын ескеру. Алайда, елімізде нақты гендерлік теңдікті орнықтыруға әлі де біршама жұмыстар атқарылуы керек деп ойлаймын. Гендер деген тек әйелдердің мүддесін көздеу емес. Ол ер мен әйелдің бір-бірін әріптесім, теңім деп қарауы, қандай шаруаны да бірлесіп істеуі. Жаратушы ер азаматтарды үлкен істерді атқарушы етіп жаратқан. Олардың үлкен қолбасшысы, ғалым болуы, техникада, физикада, ядролық химияда жаңалықтар ашуы содан. Ал олардың жаулап алған мемлекеттерін жайғастырып, халқын тәрбиелеп, өсіру, үлкен ғылыми жаңалықтардың соңындағы ұсақ-түйек істерді жайғастырып жүру әйелдің міндеті. Осы екеуінің күші біріккенде ғана жасампаздық пайда болады... Әйел-ана, әйел – жар, әйел-қайраткер. «Шығыстың ешқайсысында да қазақтардағыдай гендерлік теңдік дамыған емес. Қазақ әйелдері әрқашанда тағдырдың әр түрлі шешімдеріне тікелей қатыса отырып, зор тәуелсіздігі мен бостандығымен ерекшеленіп келеді. Біздің Ұлы Даламыздың тарихы қайсар қаһарман қыздарымыздың, билеушілердің, сенімді серіктерін, ойшылдар мен ақындардың данышпан аналарын біледі. Қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның әйелдері осы дәстүрді жалғастыруда. Егер әйел жанұяның және қоғамның сый-құрметіне ие болып жүрсе, ел үшін қам жемеуге болатынына сенімдімін және осылай болу үшін бүкіл мүмкіншілікті жасаймын» – деп елбасымыз өз сөзінде ерекшелеп айтып өткен болатын. Жалпы біз әйел затының сана сезімін арттырсақ мемлекетке зор үлес қосатын әйелдер қауымы да көбейер еді.

Қорыта айтқанда, біріншіден, гендерлік саясатты жүзеге асыруда келенсіздіктерді жоятын заңдық негіз керек. Екіншіден, гендерлік саясатта әйел мен еркектің теңдігімен қатар әлеуметтік – экономикалық мәселелерді шешу қажет. Үшіншіден, отбасы және әйел мәртебесін мемлекет тарыпынан көтеріп, насихаттау қажет. Гендерлік саясатты одан әрі жетілдіріп отыру қажет.

### **Библиографиялық тізімі**

1. Мустафин Г.Т. Гендерлік аспект. – Алматы: Білім, 2006. – 200 б.
2. Сәрсенова Ж.Н. Әлеуметтану: оқу құралы. – Алматы: Нур-Принт, 2010. – 238 б.
3. Антология теории гендера. – Минск, 2000. – 245 с.